



ТАПСЫРМАЛАР НАҚТЫЛАНДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында автокөлік жасау саласын дамыту мәселелері талқыланды. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейінгі мәжілісте аймақ басшысы өңірдің автомобиль жасау өндірісіндегі бастамалар мен мәселелерге тоқталды.

Еске салсақ, Мемлекет басшысы өңдеу өнеркәсібін дамыту, оның ішінде отандық машина жасау саласын қолдау жөнінде нақты міндеттер қойған болатын.

Өңірде толық циклді автомобиль шығаратын кәсіпорын болмаса да, жүк вагондарын жөндеу және қосалқы бөлшектер өндіруде тиісті жұмыс өз деңгейінде атқарылуда. Мәселен, сала кәсіпорындары бірінші жартыжылдықта 12 млрд теңгеге қызмет көрсетіп, негізгі өсім 9,9 пайыз болған.

«Келесі міндетіміз – жөндеу жұмыстарынан өнеркәсіптік өндіріс деңгейіне көшу. Бұл бағытта Қызылорда қаласындағы «Марал-Нұр» серіктестігінің вагон жөндеу, заманауи жолаушылар вагондарын құрастыру жобасы кезең-кезеңімен сәтті жүзеге асып жатыр. Сонымен қатар, Арал ауданында «Дара Мото» инвестициялық жобасы аясында өңірімізде алғаш рет мотоцикл және мопед құрастырылуда. Бұл экономиканы әртараптандыруға және экспорттық әлеуетті арттыруға оң ықпал етеді.

Салаға қажетті кадрлар Қорқыт ата атындағы Қызылорда

университеті мен И.Әбдікәрімов атындағы аймақ басшысы өңірдің колледжінде даярлануда. Кейінгі екі жылда 200 студент білім алып, көлік, логистика, техникалық қызмет көрсету және теміржол саласындағы кәсіпорындарда еңбек етіп жүр. Жауапты басқармаға, қала және аудан әкімдіктеріне жаңа инвестициялық жобалар тартуды, кәсіпорындардың өндірістік жүктемесіне тұрақты мониторинг жүргізуді және өнім көлемін ұлғайтуды тапсырамын», – деді аймақ басшысы.

Жиында дала өртінің алдын алу мәселесі де талқыланды. Орман және дала өрттерінің басым көпшілігі адамдардың немқұрайлық әрекеттерінен, қауіпсіздік ережелерін сақтамауынан туындайды. Өңірдің құрғақ және желді климатын ескерсек, дала өрттерінің пайда болу, тез тарату қаупі аса жоғары. Осы жылдың 6 айында 24 өрт тіркелген. Облыс әкімі қауіпсіздік шараларын күшейтуді ескертті.

Сонымен қатар қала және аудандардағы байланыс сапасын арттыру, цифрлық инфрақұрылымды дамыту, ветеринария саласында статистикалық деректер жүйесін қалпына келтіру, хаттамалық тапсырмаларды уақытылы орындау тапсырылды.

«Ел тілегі» ақпарат

«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

**«Ел тілегі» газетіне
жеке жазылушылар
үшін индекс 65007**

6 айға – 4502 теңге 22 тиын

**БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН
ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН
ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!**

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

**Қажетті ақпаратты мына
телефондар арқылы ала
аласыздар:
8 705 982 76 61,
8 777 752 54 63.**

СПОРТ КЕШЕНІ ЕЛ ИГІЛІГІНЕ БЕРІЛДІ

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев Қазалы ауданына жұмыс сапары кезінде Ақтан батыр, Жанқожа батыр, Бекарыстан би, Майдакөл және Ү.Түктібаев елді мекендерінің тұрғындарымен кездесті.

Кездесуге жиналған жұртшылық ұсыныс-пікірлерін айтып, әлеуметтік, инфрақұрылымдық жобалар туралы сауалдарын қойды. Бұдан кейін аймақ басшысы Әйтеке би кентінде бой көтерген жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің ашылу рәсіміне қатысты.

«Бүгінде өңірімізде Мемлекет басшысының қолдауымен ауылды дамыту, аймақтардың әлеуетін арттыру, тұрғындардың өмір сапасын жақсарту, кәсіби және бұқаралық спортты дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Міне, Өздеріңізбен бірге «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында салынған Әйтеке би кентіндегі кезекті дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің ашылу рәсіміне куә болудамыз.

Мұнда қазақ күресі, үстел теннисі, волейбол, футбол, гандбол, баскетбол, дзюдо сынды спорт түрлерімен айналысуға барлық жағдай жасалған. Нысанда бір күнде 150 спортшы жаттыға алады.

Жаңа спорт кешені дені саяу ұлтты қалыптастыруға қызмет



етіп, осында жаттығушылар арасынан әлемдік аренадарда Тәуелсіз Қазақстанның көк Туын көкте желбірететін чемпиондар шығады деп сенеміз», – деді аймақ басшысы.

Шарада ҚР спорт шебері, бокстан жастар мен жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионы Зарина Толыбай, еңбек ардагері

Әлімбай Қасқырбай сөз сөйлеп, ел ағасы Самұрат Имандосов бата берді. Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар, спорт кешенін салған мердігер мекеме екілерді облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Жыл басында Қазалы ауданының Бекарыстан би ауылында да дене шынықтыру-

сауықтыру кешені ашылған болатын. Жалпы ауданда спортпен шұғылданушылар саны 35 мыңнан асты. Спортшылар халықаралық турнирлерден 3 алтын, 7 күміс, 6 қола медаль, Қазақстан чемпионаттарынан 14 алтын, 19 күміс, 27 қола жүлде иеленді.

САЯБАҚТЫ АБАТТАНДЫРУ БАРЫСЫ ҚАРАЛДЫ

Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатов қаладағы ең көп келушілер жиналатын демалыс орындарының бірі – Батырхан Шөкенов атындағы саябаққа барып, жасыл желектердің жай-күйін, суару жүйесінің жұмысын, аумақтың тазалығы мен абаттандыру сапасын тексерді.

Аралату барысында қала әкімі жауапты мекемелерге саябақтағы орындықтарды сырлау, жарық шамдары мен қоқыс жәшіктерін ретке келтіру, арамшөптерді тазарту және саябақты күтіп-ұстауға қатысты қажетті жұмыстарды жедел орындауды тапсырды.

Еске сала кетейік, 2018 жылғы 18 мамырда, Батырхан Шөкеновтің туған күніне орай саябаққа көрнекті музыканттың ескерткіші орнатылып, демалыс орнына оның есімі берілді. Содан бері саябақты абаттандыру жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізіліп келеді. Аумаққа жаңа ағаштар мен гүлдер отырғызылып, орнатылған акустикалық жүйелер арқылы келушілерге талантты жерлесіміз Батырхан Шөкеновтің әндері шырқалып, мәдени тынығуға қолайлы орта қалыптастырылған.



Мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа жүйесі: АШЫҚТЫҚ, ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ

Мемлекеттік қызметке қабылдау тәртібі айтарлықтай жаңартылып, үміткерлер үшін барынша ашық әрі қолжетімді бола түсті. Жаңа жүйе конкурстық қатысу процесін жеңілдетіп, іріктеудің әділдігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Жаңа жүйе іске асырылғаннан бері мемлекеттік қызметке қызығушылық білдірген үміткерлер ашық портал арқылы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға жарияланған конкурстарға өтінім беріп, нәтижесімен бос лауазымдардың орны толтырылуда.

Мемлекеттік қызметке іріктеу туралы толығырақ ақпараттандыру үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Ерлеген Жәрдемұлы Мендалиевпен сұхбаттастық.

- Мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа «Е-қызмет» жүйесі туралы айтып өтсеңіз. Іріктеу қалай жүзеге асырылады?

- Мемлекеттік қызметке іріктеу мемлекеттік цифрлық кадрлық жүйенің equzmet.gov.kz порталында өткізіледі. Конкурсқа қатысу үшін кандидат жүйеде тіркеліп, ЭЦҚ немесе цифрлық сәйкестендіру арқылы аутентификациядан өтеді. Алдын ала кезеңде үміткерлер мемлекеттік тілді, Қазақстан Республикасының заңнамаларын білуге және жеке қасиеттерін бағалауға



арналған тестілеуден өтуі қажет.

- Бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға қатысу үшін қандай заңдар бойынша тест тапсырылады?

- Үміткерлер Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінен, Қазақстан Республикасының Конституциясынан, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңынан, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңнан және Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінен тест тапсырады. Заңнамалар бойынша жалпы 55 сұрақ беріледі, оның

кемінде 30-ына дұрыс жауап беру және әрбір нормативтік құқықтық акт бойынша кемінде 5 дұрыс жауап жинау қажет.

- Жаңа жүйеде конкурс қандай кезеңдерден тұрады?

- Басшы лауазымдарға үміткерлер алдымен эссе жазды, кейін конкурстық комиссиямен әңгімелесуден өтеді. Осыдан кейін конкурс қорытындысы шығарылады. Ал басшы емес және жұмыс өтілін талап етпейтін лауазымдарға үміткерлер практикалық бағалаудан өтіп, нәтижесі бойынша конкурс қорытындыланады.

- Жаңа іріктеу жүйесінің негізгі жаңашылдығы қандай?

- Ең маңызды өзгерістердің бірі – бос немесе уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазым үш айдан астам уақыт толтырылмаса, заңда көзделген ерекше жағдайларды қоспағанда, конкурс мемлекеттік цифрлық кадрлық жүйе арқылы автоматты түрде жарияланады. Бұл үдерістің ашықтығын арттырып, азаматтардың мемлекеттік қызметке тең қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

- Бұл жүйенің басты артықшылығы неде?

- «Е-қызмет» жүйесі мемлекеттік қызметке қабылдау рәсімі толық цифрландырылып, ашықтық пен әділдікті қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, конкурсқа қатысу процесі жеңілдеп, уақыт үнемделеді және барлық кезеңдер электронды форматта жүзеге асырылады.

- Ерлеген Жәрдемұлы, мазмұнды сұхбатыңызға рақмет!

«Қызылорда электр тарату топтары компаниясы» АҚ 2026 жылғы 1-ші жартыжылдыққа арналған тұтыну көлемдері және жекелеген тұтынушылар топтары бойынша кіріс туралы ақпарат															
БСН 961140000212															
оперативтік деректер															
экономикалық қызметтің жалпы жіктеуші бойынша қызмет атауы	өткізу көлемі (киловатт сағат)				өткізу көлемі (мың тенге) (қосымша құн салығынсыз)				босату бағасы теңгемен (қосымша құн салығынсыз)				кірістілік деңгейі		
	барлығы	тұтынушылар санаты			барлығы	тұтынушылар санаты			барлығы	тұтынушылар санаты			шығыстар, мың тенге	реттеліп көрсетілетін қызметтердер түскен кірістер, мың тенге	кірістілік деңгейі, %
		заңды тұлғалар	жеке тұлғалар*			заңды тұлғалар	жеке тұлғалар*			заңды тұлғалар	жеке тұлғалар*				
			саралаусыз сату тарифі бойынша	тұтыну көлемдері бойынша			саралаусыз сату тарифі бойынша	тұтыну көлемдері бойынша			саралаусыз сату тарифі бойынша	тұтыну көлемдері бойынша			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16
жеке тұлғалар үшін орташа босату тарифі	56 763 060	0	0	56 763 060	1 445 716	0	0	1 445 716	25,47			25,47			
1-деңгей	183 574 044	0	183 574 044	0	4 391 100	0	4 391 100	0	23,92		23,92				
2-деңгей	21 502 051	0	21 502 051	0	657 113	0	657 113	0	30,56		30,56				
3-деңгей	9 254 522	0	9 254 522	0	353 535	0	353 535	0	38,20		38,20				
бюджеттік ұйымдар	59 431 920	59 431 920	0	0	1 829 314	1 829 314	0	0	30,78	30,78					
өзге тұтынушылар	272 097 440	272 097 440	0	0	8 375 410	8 375 410	0	0	30,78	30,78					
ТЭЦ-6 суб.абоненттер	2 650 269	2 650 269	0	0	59 034	59 034	0	0	22,27	22,27					
Өлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндірушілеріне мен арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың аумағында орналасқан тұтынушыларға	21 160 544	21 160 544	0	0	598 844	598 844	0	0	28,30	28,30					
"ҚЭТТК" АҚ бойынша барлығы	626 433 850	355 340 173	214 330 617	56 763 060	17 710 066	10 862 602	5 401 748	1 445 716	28,27	30,57	25,20	25,47	19 881 426	17 710 066	89,1

Информация о доходе АО «Кызылординская распределительная электросетевая компания» по объемам потребления и отдельным группам потребителей за 1 полугодие 2026 года															
БИН 961140000212															
оперативные данные															
Наименования услуг по общему классификатору экономической деятельности	Объемы реализации (киловатт час)				Объемы реализации (тысяч тенге) (без налога на добавленную стоимость)				Отпускная цена в тенге (без налога на добавленную стоимость)				Уровень доходности		
	Всего	в том числе по группам потребителей			Всего	в том числе по группам потребителей			Всего	в том числе по группам потребителей			Затраты в тыс. тенге	Доходы от регулируемых услуг в тыс. тенге	Уровень доходности в %
		Юридические лица	Физические лица*			Юридические лица	Физические лица *			Юридические лица	Физические лица*				
			по отпускному тарифу без дифференциации	по объемам потребления			по отпускному тарифу без дифференциации	по объемам потребления			по отпускному тарифу без дифференциации	по объемам потребления			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16
ср/отпускной для физических лиц	56 763 060	0	0	56 763 060	1 445 716	0	0	1 445 716	25,47			25,47			
1-уровень	183 574 044	0	183 574 044	0	4 391 100	0	4 391 100	0	23,92		23,92				
2-уровень	21 502 051	0	21 502 051	0	657 113	0	657 113	0	30,56		30,56				
3-уровень	9 254 522	0	9 254 522	0	353 535	0	353 535	0	38,20		38,20				
бюджет.организ.	59 431 920	59 431 920	0	0	1 829 314	1 829 314	0	0	30,78	30,78					
прочие потреб.	272 097 440	272 097 440	0	0	8 375 410	8 375 410	0	0	30,78	30,78					
Суб.абоненты ТЭЦ-6	2 650 269	2 650 269	0	0	59 034	59 034	0	0	22,27	22,27					
СЗПТ, СЭиИЗ	21 160 544	21 160 544	0	0	598 844	598 844	0	0	28,30	28,30					
Всего по АО "КРЭК"	626 433 850	355 340 173	214 330 617	56 763 060	17 710 066	10 862 602	5 401 748	1 445 716	28,27	30,57	25,20	25,47	19 881 426	17 710 066	89,1

«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ 2026 жылғы 1 жартыжылдыққа арналған шекті бағада ескерілген электр энергиясын, сатып алу және (немесе) беру жөніндегі қаражатты пайдалану туралы ақпарат			
мың тенге			
Шығындар		Бекітілген шығындар сметасы	Нақты шығындар
Электр энергиясын сатып алу шығындары		7 852 012	9 941 506
Ұлттық электр желісін пайдалану және электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерге арналған шығындар		6 775 214	7 541 047
Электр қуатының электр қуаты нарығында жүктемені көтеруге дайындығын қамтамасыз ету және электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтерге арналған шығындар		1 654 954	1 654 954
Жиынтығы:		16 282 179	19 137 506
оперативтік деректер			

Информация об использовании средств АО «Кызылординская распределительная электросетевая компания» по покупке и (или) передаче электрической энергии, учтенных в предельной цене за 1 полугодие 2026 года			
		тыс.тенге	
Статья затрат		Утвержденная смета затрат	Фактические затраты
Затраты по покупке электрической энергии		7 852 012	9 941 506
Затраты на услуги по пользованию национальной электрической сетью и передаче электрической энергии		6 775 214	7 541 047
Затраты на услуги по обеспечению готовности электрической мощности к несению нагрузки на рынке электрической мощности и по организации балансирования производства-потребления электрической энергии		1 654 954	1 654 954
Всего:		16 282 179	19 137 506
оперативные данные			



20.07-26.07.2026

Тоқты



Бұл аптада бастамашылдығыңыз артады. Жұмыста жаңа мүмкіндіктер туындауы мүмкін. Қаржылық шешімдерді асықпай қабылдаған жөн. Жеке өмірде ашық әңгіме түсініспеушіліктің алдын алады.

Торпақ



Тұрақтылыққа ұмтылыс басым болады. Жұмыста жоспарлап атқарсаңыз, нәтижесі көңілден шығады. Шығындарыңызды бақылауға алған дұрыс. Денсаулыққа, әсіресе демалысқа көңіл бөліңіз.

Егіздер



Қарым-қатынас пен келіссөздерге қолайлы кезең. Жаңа таныстықтар пайдалы болуы мүмкін. Ақпаратты тексеріп барып шешім қабылдаңыз.

Шаян




Отбасы мен жақындарға көбірек уақыт бөліңіз келеді. Эмоцияға берілмей, маңызды мәселелерді сабырмен шешкен жөн. Апта соңында жағымды жаңалық болуы ықтимал.

Арыстан



Өзіңізді көрсетуге мүмкіндік туады. Басшылық немесе әріптестер еңбегіңізді бағалауы мүмкін. Тәуекелге барар алдында барлық нұсқаны саралаңыз.

Бикеш



Ұсақ-түйекке мән беруіңіз жақсы нәтиже әкеледі. Құжаттар мен қаржылық есептерге мұқият болыңыз. Жақындарыңыздың кеңесіне құлақ асу пайдалы болуы мүмкін.

Таразы



Тепе-теңдік пен үйлесім іздейтін апта. Серіктестік пен достық қарым-қатынастар нығаяды. Жеке өмірде маңызды әңгімелер үшін қолайлы уақыт.

Сарышаян



Мақсатыңызға жетуге деген жігеріңіз күшейеді. Қиын көрінген мәселелердің шешімі табылады. Қызғаныш пен күдікке бой алдырмаған жөн.

Мерген



Жаңа идеялар мен сапарларға қызығушылық артады. Оқу немесе кәсіби даму бағытында жақсы мүмкіндік тууы мүмкін. Қаржыға қатысты тәуекелдерді азайтыңыз.

Тауешкі



Жауапкершілігіңіз артады, бірақ еңбегіңіздің жемісін көре бастайсыз. Үй мен жұмыс арасындағы тепе-теңдікті сақтауға тырысыңыз.

Суқұйғыш



Шығармашылық пен тың идеялар сәтті болады. Ұжымдық жұмыстарда көшбасшылық қасиетіңіз көрінуі мүмкін. Демалысқа да уақыт қалдырған дұрыс.

Балықтар



Ішкі түйсігіңізге сенуге болатын апта. Шығармашылықпен айналысу немесе бұрынғы жоспарларды аяқтау сәтті өтеді. Денсаулық пен ұйқы тәртібіне көңіл бөліңіз.



Шабдалы

(Соңы. Басы өткен санда)

"Ой, Алла-ай! Үйде еңкейіп жұмыс істемеген мына қыздың, тірлігінің тұрн қара!" Оған да қарап отыруға шыдамай:

- Әй, қыз! Бұл үйде сенен басқа тірі жан бар ма? - деп ем, ол:

- Бар. Атам мен алты қайным бар-демесі, бар ма! - О, қасқа маңдай! Не дейді?!

- Я, солай. Атам сыртта баудың ішінде жүр.

- Ол, атаң саңырау ма? Осыншама айқай-шуды естімейтін? Жоқ, "ешегі судан өткесін" не қылсаң, ол қыл деп жүр ме?

Қызым:

- Оны барып сөйлесіңіз- деп, өзім зорға отырғанда отқа май құйып жіберді.

- Барсам, бармамын! - деп, қайта тұрдым. Қызым маған бұрылып:

- Ол кісі, елге сыйлы адам. Сәл екпініңізді басып сөйлесіңіз! - демесі бар ма:

- Әй, мен - сен құсап сол өзбекке келді дейсін ба? Кәне көрейін, қызымды алып қашап, он бес күн үнсіз жатқан өзбекті-деп, далаға шықтым. Қораның сыртында ау, дейтін жерде дарақ ағаштың түбінде, бір кісі отыр. Солай жүрдім. Ол кісі, қырыннан қарап отыр. Жақындағанда көрдім, басында өзбек тақиясы бар, сыртынан ақ ормал ораған, ақ сақалды кісі екен.

Үстінде ақ көйлегі, ызып тіккен, ескі көк шапаны бар. Тасфиқ тартып отырғанын байқадым. Ол кісі мені көріп, орнынан тұрып, екі қолын көкірегіне қойып "Ассалау-малейкум!" деп, сәлем берді.

"Саламатсыз!" - деп, сүйей салдым. Өзінің астындағы тозығы жеткен төсенішті, қағып-сілкіп менің астыма төсеіп, отыруымды өтінді. Басқа отыратын жер жоқ, аяғымды созып жіберіп отырдым. Өзі жерге отырды. Таза өзбек. Отырған бойда әңгімені қоя бердім: "Ал, кәне кешірімге неге адам жібермедің?", "Сурауы жоқ дедің ба?", "Пәленбай жыл оқыттым", "Жағдайына қарамайсың ба?", "Біздің елде кешірімге, құдалыққа, ананың сүт ақысына т.б." қанша ақша кететінін білесің бе? Ашумен түгел бізін бердім. Ал, ала қой қызды!? Әрі айтып-бері айтып, басылдым-ау әйтеуір... Қорасында үш басаға бар сорлы, не істер екен? - деп, тоқтадым. Ол кісі, - екі қолын қусырып, жүресінен үнсіз тыңдап отыр.

Сәлден соң:

- Құдағай, адам мен адамды, әуелден Алла қосады. Сіз бен біздің еркмізден тыс. Ата-ана махнатын шегіп ұл мен қызды өсіріміз, ырызқ-несібісін, бак-дәрежесін Алла пешенесіне жазды. Қай жерден ырызқ- несібе бұйырса, пенде соны теріп жейді. Сіздің айтқан сөзіңіздің бәрі мақұл.

Келінінің анасысыз. Ананың орны, екі дүниеде - ұлық. Бұл балалардың анасы, алдыңыздан шыққан он жасар баланың үстінде, қайтыс болды. Он жылдан бері жесір шампын. Жасым жетпіс алтыда. Баланымын үлкені Сайдқа: "Балам, сен оқы. Соңында алты інің бар. Оларды жеткізу екеумізге оңай болмайды. Біз, пахташылық қылайық" - деп, күн-түні мехнатшылық жасап жүріп, бір баланы оқыттық. Алланың жазуы, балам қолдастың келініді ерте келді. Сіз айтқан пұл бізден қазір табылмайды. Иншалла, қарыз да болмаспыз. Біз, диханшылықпен айналысамыз. Пахтаның айлығын, соңыра қысқа жақын береді. Олан қолымызға не тиеді, оны тағы Алла біледі. Қорадағы үш тананын екеуін балаларымының айлығының есебінен, біреуін Сайдқа үй болғанына көмекке, колхоз беріп отыр. Күзге дейін осыны, пахтаның "паясына" семіртіп пұл қылсақ дейміз. Той беру, Алла қаласа, пахтаны жинап алғаннан соң болады" - деп тоқтады.

- Ойбұй, құдай-ай! Жесір қатын, жетім шал құда болсақ жетіскен екенбіз!? Қоралы жетімге келген, мына қыздың маңдайының соры бес елі екен! Енді, ашудың орнына, бойымды дәрменсіздік билеп, көзімнен жас кете берді... Ақылма сыймайды. Бір кездері, ол кісі:

- Құдағай, көп қапа болмаңыз. Біздің де, Алладан үмітіміз бар. Жастар бақытты болсын деп тілейік. Сіздің аналық ақыңызға, мына "дарақты" сыйлап отырымын-деп, түбінде отырған талды көрсетпей ме?!

Шошып кеттім. Сөзінің аяғын күтпей:

- Не дейді? Оны не істейміз?! Отын қыламын ба? Орнымнан атып түрегелдім. Елде, адам естімеген бәлені мен естідім-ау! Үйге қарай тұра жөнелдім.

"Ағаш шайладым несі-ау, а?! Ата-бабам талдың басынан таймақ жеп көрген жоқ. Қызынан ағаш мініп келіпті дей ме жүрт. "Ағаш атқа мінгізді!" -

деген, осы шығар. Ашуым қайта қаптады. Келе қызды қайтадан түтіп жедім. "Онбаған, ертең-ақ өзің қайтып келерсін. Бұл жерден не ішіп, не киімін деп жүрсің?! Не мақсатың бар?" - деп, бар ашуымды алып жатырмын. Қызым:

- Мама, не болды, соншама даурығып? Жалғыз қызы күйеуге тиген, тек сіз бе? Ұят емес пе?! Болды енді үйге кіріп, шөй ішіп демалыңыз-деп, жатыр. Амалым жоқ, беті-қолымды жуып үйге қайта кірдім.

Дастарқан басына отырып бір-екі кесе шөй іштім. Шөлдегенімді сонда білдім. Маңдайым жіпсіп, "yh" дедім-ау! Содан соң айналама қайта қаралым. Ақыл келгендей болды. "Қой, қыз тигетін байына тиді. Аман екенін көзім көрді. Басына түскенін көрер деп, есімді жинай бастадым. Қызым да қабағымды аңдып отыр екен:

- Мама, мені кешіріңіз! Сіздің, қиналатыныңызды білдім. Сайд екеуміз бірінші курстан бастап танысып, достастық. Отбасының жағдайымен де бұрыннан хабардармын. Бізді, бұл жерде жас мамандар деп жақсы қабылдап жатыр. Мен де ауылдық кеңестің маманы болып орталыққа жұмысқа орналастым.

Сіздің келе жатқаныңызды үйге телефон шалып білдім. Бәрі жақсы болады-деп, жұбатып қояды.

Сонымен кешке, қараңғы түскенде күйеу бала Сайд та келді. Сырттан жуынып-шөйініп, "Ассалаумағаликум" деп, екі қолын кеудесіне қойып ішке кірді. Үстінде жана тігілген ала шапан, басында ала тақиясы. Белін орамалмен байлаған.

Ұзын бойлы, шыпта кіріпкі қараторы жігіт алдыма келіп жүресінен отырып, таза қазакша сөйледі:

- Құрметті Бибіһүр ана, біздің қателігімізді кешіріңіз?! Я-десеніз, анамыздыңны орнана - бізге ана болыңыз?! -деп, еңесің көтеріп, көзіме тіке қарағанда жанарындағы үмітке толы көлкіген жасты көріп, өкістіген жүрегім аузыма тығалды.

Сонау заманда, ауылдағы әке-шешеден қыстауда отырғанда ініс тиіп бірдей айрылып, ауданда мектеп-иернатта жатқан ініміз бен екеуміз қолдастық, жылап жүріп жетіген күндерім есіме түсіп, көзімнен жас саулай берді. Өзім он екіде, інім онда. Құдай бізді де жеткерді-ғой... Жетімдік пен жесірлік, жоқшылықтан баршылыққа жеткізген құдайға шүкірлік қылып, тұбама түстім. Сайдтың жанарындағы жас, жүрегіміздің түкпірінде жатқан шерімді қозғап, санамның санлауын ашып жіберді...

Сайдты құшағамға алап, маңдайынан сүйдім. Қасқағым сәтте өткен өмір көз алдымнан көлбеіп өтті. Баланың анаға деген сарқылмайтын сағынышы, өзімен кететін өкініш екенін, Сайд екеумізден артық кім біледі?! Ананың мейіріміне қанбай өскен перзенттің өкісті, өмірбойы тарқамай өтеді. Одан артық қасырет бар ма?! Ансайсын, іздейсін, көнесін. "Жетім қозы тасбауыр, манырар да отырар" -деп, өлмесен жетілесін. "Бұл екеуі білімді азаматтар емес пе? Бірін-бірі ұнатып, ел болуға бекінсе шүкірлік етейін" -деп, сабама түсіп, "Алланың бұйыртқаны болар" -деген ой түйдім. Қызымды да маңдайынан сүйіп, баурыма басып, көкірек сарайым кеңейіп жөнілдеп қалдым...

Байқағаным, қызым тез жетіліп, азамат болуға бой ұрғандай көрінді. Өкесінің салмақты, тәуекелшіл мінезі болатын еді, табиғатынан соны байқадым. Қызым су әкеліп, беті-қолымды жуып, "құдағайлық" қалпыма түстім. Онымен қоймай, қызым:

- Енді, құда балдарыңызбен танысыңыз-демесі барма. "Ассалаумағаликум!" -деп, бірінен соң бірі, алты бала кіріп қол алысып амандасып, қарама-қарсы жүрелеп отырды. Барлығы да жеке шапан, ала тақиясын киіп, белін буып алған. Алды жігіт болған. Тойда жүргендей салтанатты. Сайд таныстыра бастады:

- Сізге, әулетімізді таныстырайын: Сіздің құдаңыз, әкеміздің аты-жөні: Сайд Ахмат. Халық "Ишан баба" атап кеткен. Сіздердегі, Сайд Қожалар әулетіміз. Менің өзімнің толық аты-жөнім Сайд Камал, інілерім: Сайд Қалам, Сайд Бағтал, Сайд Ақпар, Сайд Ғафур, Сайд Жүсіп, Сайд Иса - кіші ініміз -деп, таныстырып жатыр. Аты аталғанда әрайсысы кеудесіне қолын қойып алдыға еңкейіп, ізет жасап отыр. Мектептің шәкірттері секілді. Бір Сайдты іздеп келіп, сегіз машайықтың үстінен түскендей күй кешіп отырмын... Олардың үстіне тура солай киінген құда кіріп, төрге отырды. Балалары түгел орындарынан тұрып, ол кісі отырғаннан кейін қайта отырды. Сайд пен Динара бөрінен төмен жайғасты. Динараның көйлегі мен орамалының

өзіне сонша жарасымды екенін сонда байқадым. Барлығының басы қосылғанда үйдің төріне нұр құйылғандай жайнап кетті.

Құда:

- Құдағи, біз он жыл көлемінде салтанатты киім киген жоқпыз. Мына шапандарды Динара Тәшкеннен ала келіп, кигізіп отыр. Ертең тойға киесіздер деп-дегені сол, көзімнен тағы да жас кете берді. Қызыма қарап жүрегім уылжып кетті. Қызым да әкесін қатты сағынған екен-ау! -деп. Өзімді-өзім зорға тежедім. Құда одан әрі:

- Алланың берген бұл перзентерімде менің аталық ақым болса, әуелі, - Сізді қапа қылмауын сұраймын?! Сіздің, Динараға берген "аналық ақ сүтіңіздің өтеуіне", өзіммен бірге Алланың берген - бұл жеті перзентім де қарыздар. Себебі анасының ошағына, он жылдан соң жылылық алап келген Динара келінге, - Алланың нұры жаусын! -деп қолын көтеріп дұға оқып, бата берді. Елден бұрын атып тұрып қолымды жайдым. Жүрегімді толғаныс пен қуаныш бірдей билеп, "Аумин!" -деп бетімді сипадым. "Ойпырмай, Алланың тағдырлас жандарға жолықтырып, тұбама түсіруін-ай!" -деп, басымды шайқадым... Қой басынды ауыртып қайтейін.

Ертеңіне Сайд пен Динара Тәшкеннен поезға мінгізіп салды. Сонымен, Қызды өзбекке беріп өте шықтым. Құдағай да, құда да өзім, кешірімді де өзім беріп ауылға келдім. Сұрағандарға: "Қыз Тәшкенге, өзбекке тиіп кетті" -дедім де, қойдым. Ағайын аңтан... Жаз ортасына таман қызым телефон шалып, амандық-саулықтан соң:

- Мама, Сіздің үйдің алдына Тәшкеннің автобусы барып тұр. Құдаңыздың сізге салып жіберген сәлемдемесі бар, соны қабылдап алыңыз-демесі бар ма. Жалма-жап:

- Әй, қыз, ол не? -деп, терезеге қарасам, әйлік қызыл автобус қақпаның алдында көлденендеп тұр екен. Телефон ажырап кетті. Далаға шықсам жүргізуші дарбазаның алдына жырмашақты қорапты түсіріп қойыпты. Қазак екен. Мені көріп:

- Сәлем бердік, ана! Сіз Ишан бабаның құдағайсыз ба? -деп жатыр.

- Я, сол кісімін.

- Онда сарайыңызды ашыңыз. Мына заттарды кіргізіп берейін. Маған құдаңыздың тапсырмасы солай-деп, іске кірісті. Сарайды ашып бердім. Сөзшен жігіт екен...

- Құдаңыз мықты адам екен, апа. Бір сағаттай әңгімелестім... Сіздің "сүт ақыңызға" арнап, тағы бес тал жеміс ағашын белгілегің. Мына жемістер сізге атаған ағашының өнімі. Енді он күннен кейін басқа жемістері піседі екен. Бұл "Шабдалы" деген жеміс. Ол кісі, ата-бабасынан бері қарай осы жеміс ағашын өсіремін деді. Бұл тұқым сол аймақта, тек осы кісіде ғана бар екен. Айтқанына, қызығып кетіп, құдаңызға:

- Біреуінің дәмін татып көрейін деп едім: "Балам, аманатқа, қиянат жүрмейді. Келесі жолы, өзіне бір қорабын дайындап қоямын" - деді. Апа, ол кісінің жемістерін өзім тасып тұрамын-деп, ағынан жарылып әңгімесін айттып жүр. Өзі Жаңақорғанның жігіті екен. Үйге кіріп, нан ауыз тиіп кете барды. Өңмен-түстей... Қызым кетелі келген бірінші сәлемдеме. Шапан емес, шығт емес, ақша емес - осыншама нәрсені не істеймін? Ағайынға тартасақ, "қызың өрікке сатқан ба?" -деп, тағы күлкі боламыз-ау. "Қой, не де болса көрейің" - деп, қағаз қораптың біреуін ашсам, "Шабдалы" - қызыл-сары түсі алаулап тұр. Өрбір түйірін жұмсақ ақ қағазға орап, ұядағы балапандай бөлеп қойыпты. "Не деген ұсынақтылық!?" -деп, көргенде таналдым. Төрт-бесуейн алып үйге кіргенім сол, телефон қайта шырылдады. Алсам, қызым:

- Мама, заттарыңызды қабылдап алдыңыз ба?

- Я, алдым. Оның бәрін не істеймін?

- Қазір сізге, базардан менің құрбым баралды, соған үш қорабын, ақшасына беріңіз. Бірге барып, қаншаға сатқанын көріңіз. Сонда сізге түсінікті болады.

- Әй, қыз! Сен мені саудагер қылаың дедің бе? Өкең өмір бойы саудагермен алысып өтті емес пе? Елдің бетіне қалай қараймыз? Өлде, сен өзбекке тилі деп, мен өзбек болайын ба? -деп, бұрқыттып жатырмын. Телефон тағы үнсіз... Ой, Алла-ай! Тура әкесінің кәсібі. Ол да, артық кеті бара жатсам, телефонды қоя салатын. Ойым оңасқта. "Қой, маған бұйырғаны осы шығар." -деп, жуып-шөйіп әкеліп, біреуінен ауыз тидім. "Тойып жейтін ас емес, тастап кетер тас емес" -деп, отырғанымда, үйге сәлем беріп бір келінішк келді. Қыздың айтқан құрбысы екен. "Күйеуім жол апатынан қайтыс болып, жылын берген соң, баламамына шықтым. Базарға шыққанымға бір ай болды. Үш балам бар" - дейді.

- Апа, мынау үш қораптың ақшасы-деп, қолыма көлемді ақша ұстатты. Базардан не түседі, оны да тең бөлемін. Менімен бірге жүріңіз-деп, машинасымен алды да кетті... Өне, сол отырғаннан осы жерде он бес жыл болды отырғанымға. Мына қыз сол қыздың үлкені-деп, орнына қойған қызбаланы көрсетті. Қазір он төртте. "Қыз алып қашқан қалай болады екен?" -деп, өзімнің атыма бір қыз, бір ұлын аудартып алдым. Екеуі де осында, қазақ мектебінде оқиды. Күйеу бала сол ауданның ауыл шаруашылығының бастығы. Қыз, сол ауылдың ауылдық кеңесінің төрайымы. Сайд Ишан құдамын өмірден өткеніне екі жыл болды. Өзі барда, екі баланы атыма аудартып, ескі үйімді құда балдарыма қайта салғызып, айнала бау-бақша отырғызып болып:

- Құдағай, қалғанын Алла жеткереді. Мен, Алланың құзырына бетімді түзеуді. Осы баланың барлығы сіздің балалық-деп, аманаттап кетті. Міне, келінішек - "Шабдалының" әңгімесі демесі бар ма...

- Қыздың қалың малы қайтты ма? -десем:

- "Қалың мал", бержағында қалды. Жылына төрт-бес айда екі миллиондай ақша тек жеміс-жидектен түсіп отыр-деп, еңкейіп құлағымға сыбырлап қояды. "Ердің назын - жер көтереді" - деген, диханшылықтың астарында даналық пен адал еңбек тұрады екен, соған көзім жетті- деді, әлгі әйел:

- "Алмасжанның анасы болсаңыз, ол халықтың баласы" - деп, беріп жіберген сол апаңның сәлемдемесі-деп, апам да әңгімесін аяқтады. Шабдалыдан қауындай тіліктеп алып аяқ тидік. Шынында дәмі тилді үйіреді екен. Асыл анамыздың көп әңгімесінің, бұл бір мезеті ғана... Естелік болып қалды.

Алмас А.ИМАТ,
28.11.2016. Қызылорда

Меншік иесі:
«Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Бас редактор
Егиншибаева Анар Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Рысбай Кәрімов

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде қайта тіркеліп, 2025 жылдың 30 маусым айында есепке алу туралы номері КЗ 53VPY00123138 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті КР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – ғ, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясын мен фактілерін үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 6500 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №160
E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электрон